

Әр Тарап басқа тарапқа экономикалық нұқсан келтіретін әрекеттерге бармайтын болады.

2-бап

1. Тараптар бір-біріне еркін сауда режимін ұсынады.

Тараптар кедендік рәсімдеу үшін алымдарды қоспағанда бара-бар әрекеті бар кеден баждарын, салықтар мен алымдарды сондай-ақ, Тараптардың бірінің мемлекетінің кедендік аумағында шығарылған және екінші Тараптың мемлекетінің кеден аумағына арналған тауарлардың экспортын және/немесе импортына сандық шектеулер қолданбайды.

Келісілген тауарлар номенклатурасы бойынша осы сауда режимінен алулар, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамамен ресімделеді.

2. Тараптар оларға қатысты осы алып қоюлар қолданылатын тауарлардың келісілген номенклатурасын қамтитын Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы еркін сауда режимінен алып қоюдың кезең-кезеңмен күшін жоюдың қоса беріліп отырған кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасында қолданылатын еркін сауда режимінен алып қоюдың күшін жоюға келісті.

3. Осы Келісімнің мақсаты үшін және оның қолданылу кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарынан шығарылатын тауарлар деп олардың шыққан жері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтерінің Басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесіне сәйкес айқындалған тауарлар түсініледі.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 23.05.2006 N 144 Заңымен.

3-бап

Ә р Т а р а п :

осы Келісімнің әрекетіне түсетін ішкі өндірістің немесе үшінші бір елде шығарылған осындай тауарларға салынатын тиісті салықтардан немесе алымдардан асатын ішкі салықтар мен алымдарды басқа тікелей немесе жанама салмайтын;

Осы Келісімнің әрекетіне түсетін тауарлардың импорты немесе экспортына қатысты, ұқсас жағдайларда ішкі өндірістік ұқсас тауарларға немесе үшінші бір елден шығатын тауарларға қолданылмайтын қандай да болмасын арнайы шектеулер мен талаптар енгізбейтін;

Басқа Тараптың бірінің мемлекеттік кеден аумағынан шығатын тауарларды жинастыру, қайта тиеу, сақтау, тасу, сондай-ақ, төлемдер мен төлемдерді аудару қатысында өз тауарларына немесе үшінші бір елден шығатын тауарлар қатысында осындай жағдайларда қолданылатын өзге ережелер қолданбайтын болады.

4-бап

Тараптар өзара саудада басқа Тарапқа қатысы бойынша осы Келісімнің шеңберіндегі тауарлардың экспорты және/немесе импортына құқығын шектейтін сандық шектеулер немесе оларға бара-бар шараларды енгізуді қолданудан бас тартатын болады.

Тараптар, тек ойға қонымды шектерде және қатаң белгіленген мерзімге біржақты тәртіппен сандық немесе өзге арнайы шектеулер қоюы мүмкін.

Осы шектеулер ерекше сипатта болуға тиісті және ТСБК/БСҰ шеңберлеріндегі келіссөздермен көзделген жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін.

Осы бапқа сәйкес сандық шектеулер қолданатын Тарап аталған шектелулерді енгізудің негізгі себептері, оның нысаны мен шамаланып отырған мерзім мен қолданылуы туралы толық ақпаратты мүмкіндігінше алдын ала басқа Келісуші Тарапқа табыс етуге тиіс, содан кейін консультация тағайындалады. Консультация барысында қабылданатын шешімдер тиісті құжаттармен ресімделеді.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың кез-келгенінің өзінің өмірлік мүдделерін қорғауда қажет деп санайтын немесе өзі қатысушы болып табылатын немесе қатысуға ниет еткен халықаралық шарттарды орындау үшін сөзсіз қажетті деп санайтын, сыртқы экономикалық байланыс саласында мемлекеттік реттеудің халықаралық тәжірибеде жалпы қабылданған шараларын біржақты түрде қолдану құқығына кедергі келтірмейді, егер бұл шаралар:

адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғап, сақтауға;

қоғамдық мораль мен және қоғамдық тәртіпті қорғауға;

ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

қару-жарак, оқ-дәрі және әскери техника саудасына;

ажыратқыш материалдарды және радиоактивтік заттардың көздерін жеткізуге, радиоактивтік қалдықтарды залалсыздандыруға;

алтын, күміс немесе өзге де бағалы металлмен асыл тастар саудасына;

орны толмайтын табиғи ресурстарды сақтауға;

төлем балансының бұзылуына;

мемлекеттік қолдау бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде ішкі бағасы әлемдік деңгейден төмен болатын өнімдер экспортын шектеуге;

өндірістік және интеллектуалдық меншікті қорғауға;

ұлттық игілік құндылықтарын қорғауға;

халықаралық қатынастарда соғыс уақытында немесе басқа төтенше жағдайларда

қ о л д а н ы л а т ы н

ш а р а л а р ғ а ;

халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті сақтау үшін БҰҰ-ның Жарғысы негізіндегі міндеттерді орындауға арналған іс-қимылға;
және ТСБК-інің XX бабымен көзделген басқа жағдайларға қатысты болса.

Төтенше сипаттағы жағдайлардан басқа, осындай шараларды қолданушы Тарап осы бапқа сәйкес басқа Тарапқа мүмкіндігінше алдын ала аталған шектеулерді енгізудің негізгі себептері, нысандары мен болжамды мерзімдері туралы толық ақпарат тапсыруға тиіс, содан соң консультациялар тағайындалады.

6-бап

Тараптар мемлекеттері арасындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі барлық есеп айырысулары мен төлемдері банкаралық келісімдерге сәйкес негізде жүзеге асырылатын болады.

7-бап

Тараптар Тараптарға қатысты кеден статистикасын қоса алғанда, сыртқы экономикалық қатынастарды ішкі құқықтық реттеу туралы, оның ішінде сауда, инвестиция, салық салу, банк пен сақтандыру қызметі мен өзге де қызмет көрсетулер жөнінде, көлік және кеден мәселелері жөнінде ақпаратпен тұрақты негізде алмасатын б о л а д ы .

Тараптар бір-біріне осы Келісімді орындауға әсер етуі мүмкін ұлттық заңдардағы өзгерістер туралы дереу хабарлайды.

Тараптардың уәкілетті органдары мұндай ақпаратпен алмасудың тәртібін келіседі.

О с ы К е л і с і м н і ң е р е ж е л е р і :

кез-келген Тараптың құзіретті органдарын заң бойынша немесе Тараптардың бірінің кәдімгі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпаратты алуды м і н д е т т е м е й д і .

Тараптың мемлекеттік мүддесіне қайшы келетін қайсыбір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіп коммерциялық немесе кәсіби құпияны ашатын немесе сауда процесін, немесе басқа бір ақпарат беру үшін негіз болмайды.

8-бап

Тараптар теріс пиғылды іскерлік тәжірибені осы Келісімнің мақсатымен сыйымсыз деп таниды және оның мынадай әдістеріне жол бермеу мен жоюды міндеттенеді:

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында ол үшін өзінің бәсекелестікке кедергі келтіру немесе шектеу немесе шартты бұзу мақсаты бар кәсіпорындар мен іскерлік тәжірибенің жалпы әдістеріне;

Тараптар мемлекеттері аумақтарының барлық немесе едәуір бөлігінде бір немесе бірнеше кәсіпорындардың өздерінің үстемдік жағдайларын пайдаланып бәсекелестікті шектейтін іс-әрекеттеріне.

9-бап

Тараптар екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды тарифтік және тарифтік емес реттеудің шараларын жүзеге асырған кезде статистикалық ақпарат алмасу, кедендік рәсімдерді жүргізу үшін Европа экономикалық қауымдастығының тауарларды сипаттау мен кодтаудың Үйлестірілген жүйесіне, және қисынды тарифтік-статистикалық номенклатураға негізделген Дүниежүзілік сыртқы экономикалық қызметтің тоғыз таңбалы бірыңғай (СЭҚ ТН) тауарлық номенклатурасын пайдаланатын болады. Кеден ұйымының Сонымен қоса Тараптар бұл ретте қажет жағдайда жеке мұқтаждары үшін Тауарлық номенклатураны тоғыз таңбадан тыс дамытуды жүзеге асырады.

Тауарлық номенклатураның эталондық данасын енгізу тиісті халықаралық ұйымдарда өкілдіктер арқылы өзара келісілген негізде жүзеге асырылады.

10-бап

Тараптар транзиттік өту еркіндігі принциптерін сақтау осы Келісімнің мақсаттарында қол жеткізудің аса маңызды шарты және олардың еңбекті халықаралық бөлісу мен кооперациялаудың жүйесіне қосылу процесінде елеулі элемент болып т а б ы л а т ы н ы н а к е л і с т і .

Осыған байланысты әр Тарап екінші Тараптың және/немесе үшінші елдің мемлекетінің кеден аумағында шығарылған және екінші Тараптың немесе кез-келген үшінші елдің кеден аумағына арналған тауарлардың өз мемлекетінің аумағы арқылы еркін транзиті үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді және экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға өз экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларға немесе кез келген үшінші мемлекеттің экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларына ұсынылатын құралдар мен қызмет көрсетулерден еш кем түспейтін шарттармен барлық бар және қажетті құралдар мен қызмет көрсетулерді ұсынатын болады.

Тараптардың аумақтары бойынша жүктердің өту тәртібі мен шарты тасымалдаудың халықаралық Ережелеріне сәйкес реттеледі.

11-бап

Әрбір Тарап осы тауарлар өз аумағынан шығатын басқа Тараптың экспортына қатысты рұқсат етілмеген тауарларды қайта экспорттауға жол бермейді, реттеудің тарифтік және/немесе тарифтік емес шараларын қолданады және/немесе өз кеден

аумағынан әкету кезінде сыртқы экономикалық жеңілдіктер ұсынады. Тараптар рұқсатсыз қайта экспорттауға тиым салынатын тауарлардың тізбесін белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың тізімдерімен а л м а с а д ы .

Осындай тауарларды үшінші елдерге қайта экспорттау тек қана осы тауарлар шығатын ел болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органы айқындайтын жазбаша келісімімен және шарттарымен жүзеге асырылуы мүмкін. Осы ереже орындалмаған жағдайда мүдделі Тарап басқа Тараппен алдын ала консультация алысқаннан кейін, келісімсіз қайта экспорттауға жол берген басқа Тараптың мемлекеттік аумағына осындай тауарларды шығаруды реттеу жөнінде шараларды бір жақты түрде енгізуге қ ұ қ ы б а р .

Қайта экспорттау деп бір Тараптың мемлекеттік кедендік аумағынан шығарылатын тауарды үшінші бір елге экспорттау мақсатымен басқа Тараптың өз мемлекетінің кеден аумағынан әкетуі түсініледі.

12-бап

Тараптар үшінші елдер қатысында экспорттық бақылаудың келісілген саясатын жүргізу мақсатында ұдайы консультациялар өткізетін және экспорттық бақылаудың тиімді жүйесін құру үшін өзара келісілген шаралар қолданатын болады.

13-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар арасында бұрын жасалған екі жақты келісімдердің ережелерін соңғысы алғашқысымен қалайда сәйкес, немесе олармен бірдей шамада алмастырады.

14-бап

Осы Келісімде әр Тараптың үшінші бір елмен қарым-қатынас орнатуына, оның қатысушысы осы Тарап болып табылатын немесе болаалатын өзге бір халықаралық келісімдерге сәйкес өзіне алған міндеттемелерін орындауына егер бұл қатынастар мен міндеттемелер осы Келісімнің мақсаттары мен ережелеріне қайшы келмеген жағдайда ештеңе де кедергі жасамайды.

15-бап

Әр Тарап өзінің заңдарына және халықаралық міндеттемелерге сәйкес басқа Тараптың шаруашылық субъектілеріне тең құқықтық, соның ішінде сотпен қорғалу құқықтарын және заңды мүдделер ұсынады.

16-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулы мәселелер келіссөздер арқылы немесе Тараптарға қолайлы басқа тәсілдермен шешіледі.

Тараптар өзара саудада шиеленісті жағдайларды болдырмауға ұмтылады.

17-бап

Осы Келісімнің мақсаттарын іске асыру және екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау үшін Тараптар бірлескен қазақ-әзірбайжан комиссиясын құруға келісті.

18-бап

Тараптардың келісуі бойынша, қажет болған жағдайда, осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

19-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағандықтары туралы соңғы хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі басқасына оның күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабар жіберген мерзімнен алты ай өткенге дейін күшінде болады.

Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылғаннан кейін оның ережелері оның қолданылу кезеңде жасалған, бірақ орындалмаған Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық субъектілері арасындағы келісімдерге бес жылдан аспайтын мерзімге қолданылатын болады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 10 маусымда әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалады және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтіннің күші басыңқы болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасы

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы 1997 жылғы 10 маусымдағы Келісімге еркін сауда режимінен алулар туралы

Хаттама

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасады:

1-бап

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы 1997 жылғы 10 маусымдағы Келісімнің 2-бабымен алулары көзделген мына тауарларға таратылады:

- N 1-қосымшаға сәйкес Әзірбайжан Республикасынан Қазақстан Республикасына импортталатын.

- N 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасынан Әзірбайжан Республикасына импортталатын.

2-бап

1. Тараптар осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес еркін сауда тәртібінен алулар таратылатын тауарларға қатысты бір-біріне ұлтқа аса қолайлы жағдай туғызады, олар:

- осындай салықтар мен алымдар алудың әдісін қоса алғанда N 1 және N 2 қосымшаларда көрсетілген импортталатын тауарлардан алынатын салықтар мен алымдар ;

- транзитті кедендік ресімдеуге, тасымалдауға, жинастыруға, қайта тиеуге және осы тектес басқа да қызмет көрсетулерге қатысты ережелерге;

- төлемдерді төлеу және аудару әдістеріне;

- импорттық лицензиялар беруге;

- ішкі рынокта тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге және пайдалануға қатысты ережелер.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мыналарға қолданылмайды:

- Тараптардың бірінің Кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құру мақсатымен, не осындай одақ, аймақ құру нәтижесінде үшінші бірелге беретін артықшылықтарға;

Тараптардың заңдарына сәйкес дамушы елдерге берілетін артықшылықтарға;

- шекара бойында сауданы оңайлату мақсатымен көрші елдерге берілетін артықшылықтарға ;

- арнаулы келісімдерге сәйкес Тараптардың бір-біріне беретін артықшылықтарына.

3-бап

1. Осы Хаттама Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы 1997 жылғы 10 маусымдағы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және аталған Келісіммен бір мезгілде күшіне енеді.

2. Осы Хаттама жоғарыда аталған Келісімнің 2-бабында көзделген жаңа Хаттама

жасалатын кезеңге дейін күшінде болады.

1997 жылғы 10 маусымда Алматы қаласында екі түпнұсқа данамен, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде жасалды.

<i>Қазақстан Республикасы</i>		<i>Әзірбайжан Республикасы</i>	
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>		
1997	жылғы	" _____ "	
еркін	сауда	тәртібінен	алулар
туралы	Х а т т а м а ғ а		
N 1 Қосымша			

Әзірбайжан Республикасының Қазақстан Республикасына импорттауда еркін сауда режимінен алуларға жататын тауарлардың Тізбесі

Тауарлардың атауы СЭҚ ТН 1993 ж.

Алкогольді және алкогольсіз сусындар 22 топ, (мыналардан басқа 2201, 2202 және 2209)

Темекі мен темекіні өнеркәсіптік алмастырғыштар 24 топ

1997	жылғы	" _____ "	
еркін	сауда	тәртібінен	алулар

туралы Х а т т а м а ғ а
N 2 Қосымша

Қазақстан Республикасынан Әзірбайжан Республикасына импорттауда еркін сауда режимінен алуларға жататын тауарлардың Тізбесі

Тауарлардың атауы СЭҚ ТН 1993 ж.

Ликер-арақ және басқа спирт өнімдері 2203, 2204, 2205, 2206, 220710000, 220810, 220820, 220830, 220840, 220850, 220890110, 220890190, 220890310, 220890330, 220890390, 220890510,

220890790, 220890910,

220890990

Темекіден жасалған сигареттер 240220000

"1997 жылғы 10 маусымдағы
Еркін сауда туралы
Қазақстан Республикасы
Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасы Үкіметі арасындағы

келісімге қосымша

**Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы
арасындағы еркін сауда режимінен алып қоюдың кезең-кезеңмен
күнін жою кестесі**

Ескерту. Келісім қосымшамен толықтырылды - ҚР 23.05.2006 N 144 Заңымен.

Т М Д коды	С Э Қ	Т Н	Атауы	Алып қоюды жою мерзімі
Әзірбайжан Республикасынан олардың импорты кезінде Қазақстан Республикасының еркін сауда режимінен алып қоюға жататын тауарларға қатысты				
22-топ және басқа)	(2201, 2209-ден	2202	Алкогольдік және алкогольсіз сусындар	2006 жылғы 1 шілде
Мыналарды қоспа- ғанда:				
2207 10 000			Ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан астам спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
2207 20 000			Ұйытылмаған, кез келген қоспадағы этил спирті және өзге де спирттер	2012 жылғы 1 қаңтар
2208 90 910			Сыйымдылығы 2 л. және одан да кем ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан кем спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
2208 90 990			Сыйымдылығы 2 л. астам ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан астам спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
24-топ			Темекі және темекінің өнеркәсіптік алмастырғыш- тары	2012 жылғы 1 қаңтар
Қазақстан Республикасынан олардың импорты кезінде Әзірбайжан Республикасының еркін				

сауда режимінен алып қоюға жататын тауарларға қатысты					
2203, 2206, 2208 2 2 0 8 2 2 0 8 2 2 0 8 2 2 0 8 2 2 0 8 2208 90 780	2204, 2208 2208 5 0 , 90 90 90 90	2205, 20, 40, 1 1 0 , 1 9 0 , 3 3 0 , 3 8 0 , 4 8 0 ,	Ликер-арақ және басқа да спирт өнімдері	2006 жылғы шілде	1
2207 10 000			Ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан астам спирт қоспасымен	2012 қаңтар	1
2208 90 910			Сыйымдылығы 2 л. және одан да кем ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан кем спирт қоспасымен	2012 қаңтар	1
2208 90 990			Сыйымдылығы 2 л. одан да астам ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан кем спирт қоспасымен	2012 қаңтар	1
2402 20			Құрамында темекі бар сигареттер	2012 қаңтар	1